

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы

«Заманауи кітап нарығы және білім»
пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
Пәннің коды: SKRIO 5206
Пәннің ID: 5206

«7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: магистратура

Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 9

Алматы, 2023

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты – магистранттардың заманауи білім берудегі ұстанымдары мен ғылыми негіздері аясында зерттеу жүргізуін қамтамасыз ететін кәсіби күзінеттіліктер қалыптастыру. Көркем шығармашылықтың өзіндік спецификасы, шығармашылық түрлеріне тән жалпы заңдылықтары мен әдеби құбылыстарын зерттеудің ғылыми әдістерімен таныстыру.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Ақпараттарды қабылдауға, талдауға, жалпылауға қабілеттілігі артады. Баспа ісі және баспасөз жүйесі жайлы мағлұмат алу арқылы баспагерлік, редакторлық қабілеттерін дамытады.
2. Өзін-өзі дамытуға, біліктілікті және шеберлікті көтеруге ұмтылу, зерттеудің әдіс-тәсілдерін біледі және түсінеді.
3. Өзіндік жетістіктер мен кемшіліктерді сыни бағалай білу және кемшіліктерді жоюдың, ары қарай дамудың жолын таңдай біледі.
4. Функционалды сауаттылық қалыптастыру, алған білімді тәжірибе жүзінде және ғылыми-зерттеу жұмысында қолдана біледі.
5. Негізгі ережелер мен тұжырымдамаларға филологиялық талдау жасау, ғылымның дамуына сәйкес ережелер мен тұжырымдарға сын көзімен қарау қалыптасады.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

1 МОДУЛЬ Заманауи білім беру және кітап нарығы

1. Шығармашылық еңбектің шығу тегі. Зерттеу жұмыстарындағы тақырып мәселесі.
2. Шығармашылық еңбекті жоспарлау және оның жазылу тарихы.
3. Алғашқы баспа ісінің дамуы мен қалыптасуы.
4. Авторлық туындыларды баспаға ұсыну және оның жазылу талаптары.
5. Авторлық туындыларды заманауи рәсімдеу және баспадан шығару мәселесі. («Атамұра», «Алматыкітап», «Білім», «Ғылым», «Көкжиек», «Мектеп» т.б.
6. Әдеби шығармашылық туындыларын жүйелеу қағидалары.

2 МОДУЛЬ Әдеби шығармашылық және қаламгер тұлғасы

1. Әдеби шығармашылық еңбек және оның түрлері: шешендік, ақындық, жыраулық, жазушылық.
2. Жазушының психологиялық болмысы.
3. Шығармашылық еңбек және оның табиғаты.
4. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқыту мен талдау.

3 МОДУЛЬ Шығармашылық еңбекке қойылатын талаптар

1. Әдеби шығарманың жазылу тарихы.
2. Жазушы еңбегі және өмір шындығы.
3. Жазушы еңбегі және халық әдебиеті үлгілері
4. Әдеби шығарма ерекшеліктері
5. М.Әуезовтің қаламгерлік келбеті.

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Майкл Р, Джули Ривкин. Әдебиет теориясы. Антология I, II, III, IV том –Астана, 2019
2. А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш, А., 2020
3. Ж.Дәдебаев. Жазушы еңбегі. А., 2021

Қосымша:

4. Жұмақаева Б.Д. Жыраулар поэзиясын оқыту. –Алматы, 2018
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту (Оқулық) – Алматы: Рауан, 2018
6. Сарбасов Б. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық) – Алматы, 2022

Интернет-ресурстары:

1. <http://bilimdiler.kz/>
2. <http://alemadebiety.kz/>
3. <http://kk.wikipedia.org/>

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: *1 критерий.* Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. *2 критерий.* Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: *3 критерий.* Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. *4 критерий.* Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: *5 критерий.* Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. *6 критерий.* Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – X әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («канағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Заманауи кітап нарығы және білім»; **Формасы:** Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

		ДЕСКРИПТОРЛАР				
№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	
1 сұрақ	Критерий <i>1 критерий.</i> Теорияны мазмұны, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді өте тұжырымлама жақсы түсінеді. Баяндаулары сып білу	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің қарастыратын мәселелері, негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптары дұрыс емес. Баяндаулары мен тұжырымдарында стильдік, тілдік қателіктер көп ұшырасады.	Пәннің негізгі мазмұнына, ұғымдары мен тақырыптарына қатысты айтарлықтай қателіктер жіберілді.	Пәннің нені қарастыратыны туралы жалпы түсінігін өз сөзімен жүйелі жеткізе алмайды.
2 сұрақ	Критерий <i>2 критерий.</i> Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптарын дәйекті мысалдармен негіздей алады. Ұсынылған тапсырмаларды сауатты, ғылыми негізді, дереккөздерді дұрыс пайдалана отырып, көрнекі түрде орындаған.	Жауаптарында нақты мысалдар аз кездеседі. Кейбір ғылыми тұжырымдауларында дәлдік жетіспейді.	Жауаптарында сұрақ мазмұнын ашып бере алмайды. Мысалдар келтірілген жок.	Негізгі ұғым-түсініктерді айтуға айтарлықтай қателіктер жіберді.	Негізгі теориялық ұғымдарды растай да, дәлелдей де алмайды.
3 сұрақ	Критерий <i>3 критерий.</i> Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында, дәлелді дәйектермен, жан-жақты қарастыра отырып орындайды. Тақырып бойынша жазған жазбаша жұмысында ғылыми негізді өзіндік тұжырым жасай алатындығы көрінеді.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындағанымен, дәлелді дәйектерді толық келтірмеген. Жазбаша жұмысында стильдік, грамматикалық қателер ұшырасады.	Жазбаша жұмысында мазмұндық жүйелілік жоқ. Нақты зерттеу тақырыбына байланысты дереккөздерді қарастырмаған.	Тапсырмаға да, тапсырманың тақырыбына немқұрайдылықпен қараған. Стильдік, грамматикалық нормаға сай келмейтін қателер жіберген.	Жазбаша емтихан жұмысын қалай орындау керектігін білмейді. Өзіндік пікір, қорытынды тұжырым жасауды меңгермеген.
4 сұрақ	Критерий <i>4 критерий.</i> Практикалық тапсырмада берілген негізгі	Практикалық жұмыс жасау барысында мысалдар келтіре отырып, тақырыпты саралай алады.	Мысалдар келтіре отырып талдау жасауға бейімділігі бар. Дегенмен, жауаптарында жүйелілік сақталмаған.	Берілген тапсырмалар бойынша материалдарды толық қарастырмаған. Түсінібеген. Сондықтан тапсырма бойынша негізгі	Емтихан сұрақтарының мазмұны бойынша қосымша сұрақтарға жауап беруге қиналады.	Пәннің мазмұны, тақырыптары бойынша материалдарды игермеген.

3 сұрақ	Мәселені ашу және шешу. 5 критерий. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. 6 критерий. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.	Берілген тапсырмаларды қисынды, сауатты, ғылыми негіздей отырып, кері байланыс жасай алды. Шығарманы сауатты талдап, түсіндіріп бере алады. Өзіндік тапсырмаларын бекітіп, баяндауға ғылыми стиль нормаларын сақтай отырып, жүйелі жеткізе алады. Әрине баяндау барысында	Берілген тапсырмалар бойынша жауаптарында пайдаланған әлебиеттер бойынша 3-4 кәте жіберілді. Алайда бұл сапалы орындалған тапсырманың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.	Пәннің мазмұны бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын, өмірлік тәжірибеде қолдануға болатындығына мысалдары аз және нақты емес.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын өз сөзімен жазбаша толық жеткізіп бере алмайды.	Жазбаша талдаулары әлсіз.	Жауаптары тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарға сай келмейді. Әрі жауаптары толық емес. Түсініксіз.	Берілген сұрақтарға жауап жазылмаған. Дереккөздер, талдау әдістері қолданылмаған.
---------	--	---	---	--	--	---------------------------	--	---

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Қанағаттанарлықсыз»		
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»
1.	100	90-100 %	70-89 %	50-69 %
2.			75	
3.				60
4.				45
5.	100			49
6.	200		75	94
Қорытынды %				200 + 75 + 60 + 94 = 429

							429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72
--	--	--	--	--	--	--	---

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. 72 балл 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы» 72 балла бағаланатын болады.

Декан _____

Б.Ө. Жолдасбекова

Кафедра меңгерушісі _____

А.Б. Темірболат

Дәріскер _____

Б.С. Сарбасов

